https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.2.270.274

Гүлмира Жумай
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы, Есік қ., Қазақстан; jboti@mail.ru

Талхиз қаласынан табылған археологиялық олжалар (археолог И. И. Копылов зерттеулері негізінде)

Мақалада ортағасырлық Талхиз қаласынан 1955-1980 жж. археологиялық зерттеулер кезінде табылған шахмат тастары қарастырылады. Жұмыста шахмат тастарының пайда болу тарихы мен бұл ойынның қалалықтар арасында таралуы сипатталады. Шахмат тастарының Талхиз қаласында ғана емес Отырар қаласынан да табылғаны қазақстан археологтарының жарияланымдарында берілген.

Түйін сөздер: ортағасыр, қала, археология, шеберлер, қазба, Талхиз

Гулмира Жумай
Государственный историко-культурный
музей-заповедник «Есік», Есик, Казахстан

Археологические находки на городище Талхиз (на основе исследований археолога И. И. Копылова)

В статье рассматриваются шахматные фигуры, найденные в ходе археологических исследований 1955–1980 гг. средневекового города Талхиз; история появления шахматных фигур и распространения этой игры среди горожан. Шахматные фигуры были найдены не только в Талхизе, но и в Отраре, о чем свидетельствуют опубликованные данные казахстанских археологов.

Ключевые слова: средневековье, городище, археология, мастера, раскопки, Талхиз

Gulmira Zhumai
The State Historical and Cultural
Museum-Reserve «Esik», Esik, Kazakhstan

Archaeological finds in the Talkhiz settlement (based on the research of archaeologist I. Kopylov)

The article examines chess pieces found during archaeological research in 1955 and 1980 in the medieval city of Talkhiz; the history of the appearance of chess pieces and the spread of this game among the residents. Chess pieces were found not only in Talkhiz, but also in Otrar, as evidenced by the published data of Kazakhstani archaeologists.

Keywords: middle ages, ancient settlement, archaeology, masters, excavations, Talkhiz

Ортағасырлық Талғар қаласы VIII ғ. бастап XIV ғ. басына дейін өмір сүрген. Ескерткіш бұрыннан бері зерттеушілер мен саяхатшылардың қызығушылықтарын туғызып келеді. Талғар қаласы туралы Ш.Ш. Уәлихановтың естеліктерінде жазылған және қаланы жергілікті тұрғындар «Рүстем қорғаны»

© 2023 ж. Жумай Г.

деп атағаны айтылған. Талғар ескерткішінің атауы туралы алғаш А.Н. Бернштам, Ә.Х. Марғұлан өз еңбектерінде көрсеткен. Талхир (Талғар) атауы X ғ. жазылған авторы белгісіз «Худуд ал-Алам» «Әлемдер шекарасы» атты географиялық еңбекте Ұлы Жібек жолының бойындағы үлкен әкімшілік, саяси-сауда орталық ретінде сипатталған. Елді мекен шамамен 300х300 м көлемді төртбұрышты аймақ, оның бұрыштары мұнаралы қабырғалармен қоршалған. Қала маңындағы қабырғалардан тыс жерлерде оңтүстік бөлігінде күрделі бекініс болған екен. Қаланың орталық бөлігін барлық жағынан сауда және қолөнер дамыған ғимараттар құрағаң [Жумай Г. 2021: 242–246]

В.Д. Городецкий, А.Н. Бернштам, К.М. Байпаков, Т.В. Савельева, И.И.Копылов сынды зерттеушілер ортағасырлық Талхиз қаласына қазба жұмысын жүргізді.

1955 ж алғаш рет Талғар қалашығына И.И. Копыловтың жетекшілігімен археологиялық қазба жұмысы басталды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында қаланың әртүрлі жерлерінен тұрғын үй, өндірістік және шаруашылық орындары бар оннан астам үй құрылыстары ашылды. Шартты түрде тұрғын үй деп аталатын қаланың оңтүстік-батыс бөлігіндегі үй құрылыстарының біріне толығымен қазба жұмысы жүргізілген. Бірнеше жыл жүргізілген қазба барысында сирек кездесетін өнер туындылары, атап айтсақ піл сүйегінен ойылған будда мүсіні бейнеленген бірегей туындылар мен алты шахмат тастары табылған. Қала орталығынан ұсталар үйі де анықталған [Копылов 1978: 61–65]. Зерттеуші елді мекеннен табылған бірегей ескерткіштер ерекше назар аударумен қатар оларды сақтап қалудың шаралары мен зерттеуге деген күш-жігерді арттыруды талап етті деп өз ойын білдіреді..

Осы ортағасырлық Талғар қаласынан табылған шахмат тастары жайында зерттеуші бірнеше мақала жазды. Зерттеушінің пікірінше, табылған піл сүйегінен жасалған алты шахмат тасы XI ғ. аяғы – XIII ғ. бірінші жартысына тиесілі. Қалаға жүргізілген археологиялық қазба барысында бір жерге шоғырланған асықтар жиі кездескенін де атап өтеді. Кең таралған ойынның бірі асық ойыны деп атап өтіп, олардың арасында ортасы бұрғыланып тесілген, қорғасын құйылған салмақты сақалар да бар деп, асықты тек қана балалар ғана ойнаған жоқ ересек адамдар да ойнағанын көрсетеді [Копылов 1992: 71–82].

Археолог И.И. Копылов шахмат ойыны қалаға қарахандық кезеңінен ертерек келген, яғни XI ғ. аяғы – XII ғ. тек қана қаланың билеуші топтарын ғана емес орта дәрежелі қала тұрғындарының арасында да кең таралған XIII ғ. басында шахмат ойыны жалпы халықтық сипатқа ие болған деген ой айтады.

Зерттеуші И.И. Копыловтың жүргізген археологиялық жұмыстарының есептеріне көңіл аударсақ, ол 1975 ж. Талғар қаласының орталық бөлігінде орналасқан шеберлер үйінің орнынан XI–XIII ғғ. мерзімделген піл сүйегінен қашалып, станокта өңделген екі шахмат фигурасын тапқан. Біріншісінің биіктігі 3,5 см, сәл тегістелген шардың диаметрі 5 см, табан диаметрі 3 см, биіктігі 1,5 см. Сыртқы бетіне бір-бірінен 2 мм қашықтықта екі параллельді ойық жүргізілген. Фигураның сфералық бөлігінің жоғарғы жағында диаметрі 0,5 см және биіктігі 0,3 см күмбез тәрізді фигура бар. Күмбездің астында шиыршықталған үш ойық бар [Копылов 1992: 71–82].

Ал биіктігі 3,6 см болатын екінші шахмат тасының пішіні бірінші табылған таспен бірдей. Үстіңгі бөлігі мен тұғырында ойықтары жоқ. Алайда шахмат тастарының үстіңгі бөліктерінің шошақтанып келуі олардың король немесе ферзь тастары екендігі көрсетсе керек.

1976 жылғы далалық жұмыста қаланың бекініс бөлігінде қираған тұрғын үй орнын қазу кезінде мәдени қабаттың қалдығынан үшінші шахмат фигурасы табылған. Алғашқы екі фигурадан айырмашылығы шығыс символикалық фигуралар ат пен пешка фигуралары сияқты [Копылов 1992: 71–82].

Қаланың орталық бөлігіндегі ұста үйінің шығыс қабырғасына іргелес жердегі тұрғын үй құрылысынан 1980 ж. тапқан төртінші шахмат тасы жоғарыда сипатталған шахмат фигураларына ұқсас. Конустық цилиндр пішінді шахмат тасының алдыңғы фигуралардан ерекшелігі жоғарғы жағында ойық жоқ және төменгі жағындағы екінші ойық толық ойылмаған.

Келесі 1983 ж. қазбадан қаланың ортаңғы бөлігіндегі тұрғын үй еденін тазалау кезінде табылған хумның ішінен терезе әйнектерінің сынықтарымен бірге бесінші шахмат тасы табылған. Пішіні ұста үйінен табылған төртінші шахмат тасымен ұқсас [Копылов 1992: 71–82].

1979 ж. Тополевка өзенінің сол жағалауында қаланың батыс бөлігіндегі тұрғын үй құрылысына жүргізген қазба жұмысы барысында алтыншы шах-

мат фигурасы табылған. Пошымы жоғары қарай сәл тарылған цилиндр тәрізді тастың жоғарғы бөлігінде сына тәрізді шығыңқы ою ойылған. Шығыңқы жазықтықтың үстіңгі бөлігі ойықпен безендірілген, ортасы дөңгелек, шеттеріне сызық жүргізілген. Аталмыш шахмат фигурасының жалпы контуры мен жоғарғы жағындағы шығыңқы басына қарап, VIII–IX ғғ. шығыстың шахматына ұқсатқан зерттеуші И.И. Копылов шахмат тасын барлық жағынан салыстырмалы түрде сипаттай келе шахматтың тасын ат фигурасына жатқызады [Копылов 1992: 71–82].

Талғардан табылған шахмат тастары ортағасырлық қаланың қарахандықтарға тән мәдени қабаттарынан табылған. Кейбіреуі елді мекеннің орталық бекініс орнынан, ал біреуі қаланың сыртқы бөлігінен табылуын ескере отырып, шахмат ойыны ортағасырда Талғар қаласының тұрғындары арасында кең таралған деген болжам айтылуда. Зерттеушінің пайымдауынша қала тұрғындары жалпы шахмат ойыны, оның ережелері мен тас атауларын Орта Азияның іскер адамдарынан үйренген делінген. Зерттеушінің пікірінше шахматқа деген сұраныстың көбеюіне орай жергілікті шеберлер саудагерлерден піл сүйегін сатып алып өздері станокта өңдеп шахмат тастарын жасаған. Оның басым көпшілігі шығыстық үлгіде жасалынған екен [Копылов 1992: 75–79]. Талғардан табылған шахмат тастарын ғылыми әдебиетте сипатталған шахмат үлгілерімен салыстыра отырып, оларда король, ферзь және ат фигуралары екенін айтады [Копылов 1992: 71–82].

Шахмат ойыны – ақыл ойдың дамуына ықпал ететін, адамзат даналығының жетістігі ретінде жаңарып келе жатқан ерте заманда пайда болған ойынның бір түрі. Ерте заманда қолданыста болған шахмат фигураларының пішіндері, көлемі, жасалу материалдары заманауи пішіндерінен өзгеше. Шахмат ойынның ең алғаш пайда болған жері, аталуы, халық арасында таралуы туралы жарық көрген еңбектер бар. Дегенмен, қазақ жеріндегі археологиялық қазба барысында табылған шахмат тарихы өте аз зерттелген. Талғар қаласынан табылған шахмат фигуралары туралы ғылыми зерттеулері мен салыстырмалы тұрғыдан жасалған сипаттамаларын қорытындылай келе, И.И. Копылов қаланың жоғарғы жағында шоғырланған ауқатты адамдар арасында шахмат ойыны кең таралған деген пікір айтады. X–XII ғғ. шахмат ойыны ақсүйектерді тәрбиелеудің қажетті элементтің бірі деп танылып, жақсы ойнайтын шахматшылар өз үйлерінде тәлімгер ретінде ұстау әдеті кең таралған дейді. Себебі, шахмат ойыны ақсүйектің балалары үйренуі тиісті өнердің қатарына жатқызылған [Копылов 1992: 71–82].

Талғар қаласының екі бөлігінен яғни орталық және бекінісінен шахмат фигураларының табылуы ойынның қала тұрғындары арасында кең таралғанын көрсетеді, сонымен қатар елді мекенде мәдени өмірдің даму деңгейінің жоғары көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ қолөнершілердің өз ісіне деген жоғары шеберлігін көрсетіп жасаған. Қолданбалы өнер туындыларын жасау үшін үлкен шеберлік қана емес, сонымен қатар материалдарды меңгеру технологиясына деген терең білім қажет. Бұл тұжырым қалада табылған барлық шахмат фигураларының шығыс символының ерекшеліктері барынан туындайды, бірақ Талғар қаласынан табылған шахмат фигураларының үшеуі ғана шығыстық үлгідегі шахмат тастарына жақын пішінді сақтап қалды, ал басқалары форманың екі деңгейлі түрінде көрінетін өзіндік сипатқа ие болды және олардың конфигурациясы бойынша қазіргі шахматқа жақындаған дейді археолог И.И. Копылов [Копылов 1978: 61–65].

Қазақ даласында шахмат тастары Талғар қаласымен қатар Отырар қаласында да табылған. Отырардан табылған шахмат фигуралары туралы зерттеуші Мұхтар Қожа өз мақаласында Талғар мен Отырар қалаларынан табылған шахмат фигураларының пішіндері ортаазиялық шатрандж және арабтың шатранг үлгілеріне ұқсастығын айтады. Отырардан табылған шахмат фигурасының пішіні ортағасырлық ат, піл немесе басқа шахмат тастарынан мүлде бөлек. Оның пошымы Тәжікстандағы Хульбуктан табылған X–XII ғғ. шахмат фигураларына жақын дейді зерттеуші. Сондай-ақ Отырар шахмат тастарының үстіңгі бөлігінің шошақтанып аяқталуы оның король, не ферзь тасы екендігін білдірсе, алайда шахмат фигурасының беті өрнекпен көмкерілгеніне қарап, бұл шахматтың король фигурасына көбірек келетіндігін айтылады. Осындай шахмат фигурасының ерекше әшекейленуіне және жасалған материалдарына қарап оны қарапайым халық емес ақсүйектер ойнаған шахматтың тасы деп санаған [Қожа, 2020: 68–69].

Шахматтың арабша, парсыша атауы шатрандж парсы тіліндегі екінші балама сөзі шатранг, чатранг, ал хинди-урду тілінде шахматты шатрандж-чатуранг деп те атайды екен. Ғалым М. Қожа өзінің шахмат туралы жазған ғылыми мақаласында

қазақтың шатыраш сөзі де шартандж атауынан туындап қазақыланған үлгісі екенін айтқан. Сондай-ақ қазақта ертеден шахматты шатыраш сөзімен белгілеген, демек, қазақ топырағына шахматтың кеш келмегенін және біздің бабаларымыз ертеректе таныс болғанын көрсетіп тұр дейді [Қожа 2020: 68–69]. Алайда қазақ даласына шахмат-шатыраш-шатрандж ойыны нақты қай ғасырда келгенін дөп басып айту қиын. Кейбір болжамдарға қарасақ, VIII–IX ғғ. Хорасанда өмір сүрген атақты шахматшы Зайраб Түркістан аймағынан болған десе, шахмат ойыны Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінің» 33 бөлімінде «Нард, шатрандж ойнағанда жарқылдап, Ұтып алса қарсыласты алқымдап» деген өлең жолдары кездесетіндігі айтылған [Қожа 2020: 68-69].

Шахмат ойыны қарсыласын қан төгіссіз, ақылдылықпен, айлакерлікпен және көрегенділікпен жеңетін ойынның түрі. Ежелгі мемлекеттерді билеушілер өздерінің дауларын шахмат ойнау арқылы ешкімге зиян келтірмей шешкен екен.

Шахмат ойыны Алтын Орда мен темірліктер билік құрған дәуірлерде де ақсүйектер арасында кең тарай түсті деуге негіз бар. Оған Еділ бойындағы Алтын Орда қалаларында шахмат тастарының табылуы және Алтын Орда дәуірінің белгілі шығармаларының бірі «Хұсрау уа Шырын» атты поэмада шартандж сөзінің қолданылуы айғақ бола алады дейді. Бұл шығарманың авторы Құтб қыпшақ және ол өз шығармасын 1330–1340 жж. Қазақстанның ортағасырлық Сығанақ қаласында жазған [Қожа, 2020: 68–69].

Ғалым Мұхтар Қожа шахмат фигураларының қазақ даласы бойынша Отырар мен Талхиз қаласынан ғана табылуына қарап аталмыш екі қалада ғана шахмат ойнаған деген бір жақты тұжырым жасауға болмайды дейді, ғалым мақаласында қазақта шахмат сөзіне балама ретінде шатыраш сөзінің қолданылатынына назар аудару керек делінген. Қазақстандағы ежелгі шахмат тарихын тану үшін археологиялық қазбалардан шыққан бұйымдардан бастап қазақ халық ауыз әдебиетіндегі шахмат тастарының атауларынан іздестіру керектігін айтады.

Көпшілік зерттеушілер мен ғалымдар алғашқы шахмат ойыны Үндістанда пайда болды деседі. Алайда археология жаңалықтары мен тілдік деректерге сүйенген ғалымдар шахмат ойыны Үндістанда дамып жетілген деген бір жақты пікірге айтар уәждері де бар. Мәселен, олар шахмат тастарының атаулары да таза үнділік үлгіде емес екенін айтады. «Шах мат» сөз тіркесі тәжік тілінде «шах жеңілді, ұсталды» деген мағынаны білдіреді дегенді алға тартады. Зерттеушілердің басым көпшілігі Орта Азия шахматтың екінші отаны деп санайды. Себебі Орта Азия Үндістан мен Қытай аралығындағы мәдени жетістіктердің ортасында болған. Біздің дәуіріміздің бірінші жартысында Үндістандық буддистер діни идеялармен қатар басқа да мәдени жетістіктерді соның ішінде шахмат ойынын да таратқан. Шахмат ойыны ортағасырдың басында көптеген елдерде әсіресе будда мен мұсылман діні үстемдік құрған елдерге кең тарайды. Адам мен жануарларды мүсіндеуге тыйым салатын мұсылмандық діни түсініктер шахмат тастарын қарапайым әрі абстракты болып өзгеруіне ықпал етті. Бұрын шахмат тастары атауларына қарай сомдалса, енді адам мен жануарлар бейнелері символдық абстракты фигураларға ие болды. Бұл дегеніміз енді шахмат ойнаушының бар назары адам мен жануар бейнесінде емес тек ойынға ғана аударылып, адамның ойлау қабілетін одан әрі дамыта түскен. Бұл шахмат тастарын жасаудың қарапайымдылығын көрсетті және ойынның кең таралуына жақсы ықпал етті.

Ендеше, жоғарыда айтылған Талғар қаласынан табылған шахмат фигуралары ортазиялық шатранг мен арабтың шатрандж ойындарының абстрактілі символдық фигураларымен типологиялық жақындығынмен сонымен қатар шығыстық үлгідегі шахмат тастарына ұқсастықтарын көруге мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар шахмат тастарынан қолөнершілердің шеберліктерімен қатар материалды меңгерудің технологиясын жетік білу қажетілігі маңызды рөл атқаратындығын меңзейді. Сондай-ақ қалада шахмат ойынын ойнау аталмыш уақыттан да ертерек келуі де мүмкін, өйткені шахмат тастарының елді мекеннің бір жағынан ғана емес жан жағынан табылуының өзі де шахмат ойынын ойнау қалада жаппай белең алғандығын көрсетеді.

Қорыта келе, Талғар қаласынан табылған піл сүйегінен станокта жасалған алты шахмат фигурасы XIV ғ. соңы мен XIII ғ. бірінші жартысында сүйектен жасау өнерінің туындылары бола отырып, өзіндік ерекшеліктердің қалыптасу процесін айғақтайды және сондай-ақ шығыс және батыстың өзара байланысымен әсерлерін де көруге болады. Бұл ортағасырлық өркениеттің көршілес аймақтарындағы халықтар арасындағы мәдени байланыстардың тереңдігі мен беріктігінің маңызды

көрсеткіштерінің бірі. Екінші жағынан, шахмат фигураларының ерекше талғампаздығы олардың жасалған материалдарының құндылығынан және бұл өнер туындыларын қоғамның ауқатты бөлігіне ғана қол жетімді болғандығын көрсетеді. Бұл дегеніміз қала тұрғындарының әлеуметтік сараланuының маңызды көрсеткіші болып табылады. Алдағы уақытта да археолог И.И. Копылов жүргізген археорлогиялық қазба барысында анықталған ғылыми ортаға таныс емес құнды дүниелердің табылу тарихы мен зерттеулі жайлы ғылыми мақалалар жарық көреді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТ

Жумай Г. Археолог И.И. Копыловтың қазба жұмыстары (ортағасырлық Талғар қалашығы бойынша) // Еуразия далалық белдеуіндегі мемлекеттіліктің пайда болуы мен дамуы: алғышарттары, кезеңдері, салдары атты «II Есік оқулары» Халықар. ғыл.-тәжірибелік онлайн-конф. м-ры. Есік, 2021. 242–246-бб.

Копылов И.И. О названии города на месте Талгарского городища // Вопросы социально-экономической истории дореволюционного Казахстана. Темат. сб. науч. тр. профес.-преподават. состава и аспирантов вузов М-ва Просвещения КазССР / Отв. ред. Ж.К. Касымбаев. Алма-Ата: Каз. пед. ин-т им. Абая, 1978. С. 61–65.

Копылов И.И. К вопросу о шахматной игре шатрандже в Талқиғе 2 в древнем Талгаре // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1992. С. 71–82.

Копылов И.И. Личный архив // Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік». Шифр: ҒКҚ 220.

Қожа М. Алтын Орда құрамында болған Отырар қаласынан шахмат тасының табылуы // Алтын Адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археология-сының мәселелері атты «I Есік оқулары» халықар. ғыл.-тәжірибелік онлайн-конф. м-ры. Есік, 2020. 68-69-бб.

REFERENCES

Zhumay, G. 2021. In: Mukhtarova, G. R. (ed.). *II Esik okulary (2nd Esik Readings).* Esik, 242–247 (in Kazakh).

Kopylov, I. I. 1978. In: Kasymbayev, Z. K. (ed.). *Voprosy sotsialno-ekonomicheskoy istorii dorevolyutsionnogo Kazakhstana (Issues of socio-economic history of pre-revolutionary Kazakhstan).* Alma-Ata: Abay Alma-Ata Pedagogical Institute, 61–65 (in Russian).

Kopylov, I. I. 1992. In: *Arkheologicheskie issledovaniya v Kazakhstane (Archaeological research in Kazakhstan).* Alma-Ata, 71–82 (in Russian).

Kopylov, I. I. Personal archive. In: Esik Museum. D. 220 (in Russian).

Kozha, M. 2020. In: Mukhtarova, G. R. (ed.). *I Esik okulary (1st Esik Readings),* Esik, 68–69 (in Kazakh).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.02.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.03.2023.